

Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі бойынша

Мектепте 14 оқу кабинеті, оның ішінде физика, химия - биология, кабинеттер жаңа модификациядағы жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мектеп «Starlink» интернетке қосылған. Интернет жеткізу қызметін ұсыну туралы келісім жасалған. Оқу процесінде 9 интерактивті панель, 3 проектор, 60 ноутбук, 10 планшет, 12 моноблок жабдықталған.

Химия және физика кабинеттерінде зертханалар пайдаланылады. Спорт зал 180м², кітапхана 21м². Қажетті спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. 2025-2026 оқу жылында волейбол добы - 5, баскетбол добы – 7, арқан – 1 дана, 18 коньки, 1 секіргіш, 15 шаңғы жинағымен қамтамасыз етілген. Асханада ауыз су бұрқағымен қамтамасыз етілген. Жеке пайдалануға арналған жабдықталған 20 шкаф 5 секциядан. Бастауыш сыныпта 22 оқушы бар, шкафтар саны жеткілікті.

2) ғимаратта санитариялық қағидаларға сәйкес келетін санитариялық тораптардың Осыған(унитаздар, жуу раковиналары) болуы (бұйрық № ҚР ДСМ-76);

Талдау нәтижесі: осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеу көрсеткендей № ҚР ДСМ-76-бұйрығына сәйкес келетін санитариялық торап бойынша мектепте қыздар мен ұлдарға арналған жеке дәретханалармен (2 раковина, 2 унитаз) жабдықталған. Оның ішінде орындық кабиналарға бөлінген унитаздар, қол жуатын раковиналар орнатылған. 1 персоналға арналған дәретхана, 1 мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған дәретхана, қол жуатын раковинамен жабдықталған.